

## **Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың түрлі топтары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау туралы Ереже**

### *Күші жойған*

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау, білім және спорт министрлігі Денсаулық сақтау комитетінің 1999 жылғы 10 мамырдағы N 238 Бұйрығы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009 жылғы 18 қарашадағы N 739 Бұйрығымен.

*Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2009.11.18 N 739 бұйрығымен.*

## **Денсаулық сақтау ұйымдарында дәрілік заттардың түрлі топтары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау туралы Нұсқаулық**

*Ескерту: Бұйрықтың атауында, және бүкіл мәтіні бойынша, сондай-ақ бұйрықпен бекітілген Дәріхана ұйымдарында, фармацевтика кәсіпорындары мен емдеу-профилактика мекемелерінде дәрілік заттардың түрлі топтары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау туралы Нұсқаулықтың және Дәріхана ұйымдары мен фармацевтика кәсіпорындарында тұтанғыш және жарылғыш қасиеттері бар дәрілік заттарды сақтау мен ұқыпты ұстау тәртібі туралы Нұсқаулықтың бүкіл мәтіні бойынша "нұсқаулықтар", "нұсқаулықты", "нұсқаулықтарды", "нұсқаулық", "нұсқаулықтармен" деген сөздерді сәйкес келетін септік пен жіктеудегі "Ереже" деген сөзбен ауыстырылды;*

*бұйрықтың атауында, кіріспесінде және бұйрықтың 1-тармағында "дәріхана ұйымдарында, фармацевтика кәсіпорындары мен емдеу-профилактика мекемелерінде" деген сөздер "денсаулық сақтау ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылды;*

*бұйрықтың атауында, бұйрықтың 2-тармағында және бұйрықпен бекітілген Дәріхана ұйымдарында, фармацевтика кәсіпорындары мен емдеу-профилактика мекемелерінде дәрілік заттардың түрлі топтары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау туралы Нұсқаулықтың және Дәріхана ұйымдары мен фармацевтика кәсіпорындарында тұтанғыш және жарылғыш қасиеттері бар дәрілік заттарды сақтау мен ұқыпты ұстау тәртібі туралы Нұсқаулықтың бүкіл мәтіні бойынша "дәріхана ұйымдары мен фармацевтика кәсіпорындарында" деген сөздер "денсаулық сақтау ұйымдарында" деген сөздермен ауыстырылды;*

*Дәріхана ұйымдарында, фармацевтика кәсіпорындары мен емдеу-профилактика мекемелерінде дәрілік заттардың түрлі топтары мен*

медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтау туралы Нұсқаулықта: бүкіл мәтін бойынша "санитарлық ережелер мен нормалар" және "санитарлық ережелер мен нормалардың" деген сөздер "санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар" және "санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалардың" деген сөздермен ауыстырылды;

"ангро" деген сөз "ангро өнімі" деген сөзбен ауыстырылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).

## **1. Осы Ережеде қолданылған негізгі ұғымдар мен қысқартулар**

Ережеге қосымшаларда, егер емдік нысан түрі көрсетілмеген болса, онда осы сақтау шарттары дәрілік заттардың барлық нысандарына сәйкес келеді деп санау қажет.

Ережеге қосымшалардағы "қараңғы жер" тұжырымы күн сәулесінен қорғалған жерде сақтауды білдіреді.

Температура Цельсий градустарында көрсетілген:

"бөлме температурасы" +18 +25 °С "салқын температура" +8 ° +18 °С егер температура көрсетілмесе, "бөлме температурасы" болғаны.

Тұтыну ыдысы - тұтынушыға өніммен бірге түсетін және көлік ыдысы функциясын орындамайтын ыдыс.

Топтық ыдыс - белгілі бір өнім санына арналған тұтыну ыдысы.

Көлік ыдысы - дербес көлік бірлігін құрайтын ыдыс.

Дәрілік заттар - аурулардың алдын алу, диагностикасы, емдеу үшін, сондай-ақ жүктілікті болғызбау үшін қолданылатын дәрілік субстанция немесе дәрілік субстанциялар қоспасы.

Аурулардың диагностикасы, алдын алу және емдеу мақсатында пайдаланылатын парафармацевтикалар, медициналық техника мен медициналық мақсаттағы бұйымдар (көзге салынатын және оны түзейтін линзалар, керек-жарақтар және материалдар, бұйымдар, құрал-саймандар, қондырғылар, аспаптар, аппаратура) дәрілік заттарға теңестіріледі:

дәрілік түр - дәрілік заттың қолайлы қолданылуына және қажетті емдік әрі алдын алу әсеріне жетуі үшін келтірілетін белгілі бір жай-күйі;

нормативтік-техникалық құжаттама - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Фармация комитеті бекіткен, дәрілік заттардың сапасы нормаларының кешенін, сериясына қарамастан, дәрілік заттың бірдей қауіпсіздігі мен тиімділігін, сондай-ақ оны өндірудің ұдайылығы мен біртектестігін қамтамасыз ететін оның айқындау әдістемелерін белгілейтін құжат;

## денсаулық сақтау ұйымы:

- 1) азаматтарға амбулаториялық-емханалық және стационарлық көмек көрсететін ұйым;
- 2) балаларға арналған амбулаториялық-емханалық және стационарлық медициналық ұйымдар;
- 3) жедел медициналық жәрдем ұйымдары;
- 4) халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 5) фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 6) денсаулық сақтау саласындағы ғылыми ұйымдар;
- 7) денсаулық сақтау саласындағы білім беру ұйымдары;
- 8) қан қызметі, сот медицинасы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 9) салауатты өмір салтын қалыптастыру саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдары;
- 10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де ұйымдар; сақтау үй-жайлары - дәрілік заттарды сақтауға арналған, арнайы бөлінген және жабдықталған өндірістік үй-жайлар; бірінші (ішкі) орам - дәрілік түрмен тікелей жанасатын тұтыну орамы; екінші (сыртқы) орам - бірінші орамдағы препарат орналасатын тұтыну орамы;

дәрілік заттың жарамдылық мерзімі - сақтау жағдайларын орындау кезінде дәрілік зат сапасын, қауіпсіздігін және тиімділігін жоғалтпайтын уақыт кезеңі.

*Ескерту: 1-тарауға өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

### **2. Дәрілік заттарды сақтаудың негізгі талаптары**

1. Бұл Ереже олардың ведомстволық бағыныстылығы мен меншік нысанына қарамастан, дәрілік заттардың түрлі топтарын денсаулық сақтау ұйымдарында сақтауды ұйымдастырудың талаптарын белгілейді.

2. Осы Ереже белгілейтін талаптар денсаулық сақтау ұйымдарын жобалау және жаңадан салу, жұмыс істеп тұрғандарын қайта құру мен пайдалану кезінде міндетті болып табылады.

3. Ереже сақтау кезінде дәрілік заттардың қауіпсіздігіне, сапасы мен сақталуына сыртқы ортаның тұтастай факторлар кешені (дымқылдық, жарық, температура, ауа қосындылары) әсерін тигізетіні, сондай-ақ қоршаған ортаның ластану дәрежесі ескеріле отырып жасалды.

4. Дәрілік заттарды сақтау үшін реттелуден жоғары температура кезінде дәрі-дәрмектердің сапасын төмендететін физикалық-химиялық процестер

ш а п ш а ң д а й д ы .

*Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

5. Дәрілік заттарды сақтау олардың физикалық-химиялық қасиеттері ескеріле отырып, дайындаушы зауыттың дәрілік затқа нормативтік-техникалық құжаттамасы мен орамда және Тұтынушыларға арналған дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықта (қосымша құжат) көрсетілген талаптарға сай болуы тиіс.

*Ескерту: 5-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

6. Дәріхана ұйымдары мен фармацевтика кәсіпорындарында кез келген қолайлы тәсілмен (компьютерлік, кітаптық, карточкалық және басқалары) дәрілік заттардың жарамдылық мерзімдерінің есебін жүргізу ұсынылады.

7. Осы Ережеге сақтау шарттары бойынша топтастырылған неғұрлым жиі қолданылатын дәрілік заттар тізбесі қоса беріліп отыр.

*Ескерту: 7-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

### **3. Сақтау үй-жайының құрылымы мен оны пайдалануға қойылатын талаптар**

8. Дәрілік заттарды сақтауға арналған алаңдардың құрылымы, құрамы, көлемдері сондай-ақ үй-жайларды жабдықтау санитарлық-эпидемиологиялық ережелер мен нормалар талаптарына сай келуі және олардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

9. Сақтау үй-жайлары белгіленген нормаларға сәйкес сақтау және өртке қарсы құралдармен қамтамасыз етілуі керек.

10. Сақтау үй-жайларында белгілі бір температурамен ауа ылғалдылығы сақталуға тиіс, олар осы бұйрықтың 12-қосымшасына сәйкес ауаның температурасын есепке алу журналында және ауаның салыстырмалы ылғалдылығы журналында тіркелуі тиіс. Осы талаптарды қадағалау үшін сақтау үй-жайын термометрлермен және гигрометрлермен қамтамасыз ету қажет, олар қойманың ішкі қабырғаларында тұтанғыш аспаптардан еденнен 1,5 - 1,7 метр жоғарыға және есіктен кемінде 3 метр аралықта бекітілуі керек.

*Ескерту: 10-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

11. Ауа тазалығын сақтау үшін сақтау үй-жайын вентиляциямен, конденционерлермен жабдықтау қажет. Шағын әйнек көздерінің, фрамуктардың, екінші торланған есіктердің көмегімен табиғи тазартуға жол беріледі.

12. Дәріхана ұйымдары мен фармацевтика кәсіпорындары орталық немесе дербес жылыту аспаптарымен жабдықталады. Үй-жайларды ашық жанатын газ аспаптарымен немесе ашық түтікті электр жылыту аспаптарымен жылытуға болмайды.

13. Сақтау үй-жайы қажетті мөлшердегі шкафтармен, стеллаждармен, торламалармен, тауар қойғыштармен және тағы басқалармен қамтамасыз етілуі қажет.

Дәрілік заттарды сақтауға арналған жабдық дәріхана қоймаларына арналған сыртқы қабырғалардан 0,6 - 0,7 метр, төбеден кемінде 0,5 метр және еденнен 0,25 метр аралықта орналастырылады, олардың арасы кемінде 0,75 метр.

*Ескерту: 13-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

14. Сақтау үй-жайының тазалығы ұдайы сақталуы қажет, едендер күніне кемінде 1 рет рұқсат етілген жуу және дезинфекциялайтын құралдарды қолдана отырып ылғалды тазалауға жатады.

#### **4. Дәрілік заттарды сақтауды ұйымдастыруға қойылатын жалпы талаптар**

15. Дәрілік заттарды, алаңдарды ұтымды пайдалануды, қауіпсіз еңбек жағдайларын жасауды, фармацевтикалық тәртіпті сақтауды және механизация құралдарын қолдану мүмкіндігін ескере отырып, орналастыру қажет.

*Ескерту: 15-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

16. Дәрілік заттар стеллаждарда, тауар салғыштарда, поддондарда, материал шкафтарда, (сейфтерде) орналастырылады.

*Ескерту: 16-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

17. Дайын дәрі-дәрмек нысандары сақтау үй-жайларында зауыттық немесе көліктік орауда сақталуы мүмкін.

Зауыттық орау бұзылған жағдайда дәрі-дәрмек нысандары материалдық шкафтарда бірегей орауда сыртқы этикеткасымен (белгісімен) сақталуы қажет.

*Ескерту: 17-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

18. Дәріханалардың өндірістік бөлімдерінде "ангро өнімі" дәрілік заттары эмальдандырылған немесе шыны ыдыста сақталуға тиіс.

19. Үй-жайларда дәрілік заттар:

- 1) Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық кесімдерінің талаптарына және осы Ережеге сәйкес;
- 2) фармакологиялық топтарға сәйкес;
- 3) қолдану тәсіліне (ішкі, сыртқы) қарай;
- 4) "ангро өнімі" дәрілік заттары агрегат жай-күйіне (сұйықтарын шашылатынынан, газ түзейтіндерінен және тағы басқасынан бөлек) сәйкес;
- 5) сыртқы ортаның физикалық-химиялық қасиеттері мен түрлі факторларының әсеріне сәйкес.

*Ескерту: 19-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

20. Атаулары бойынша үндес, ішу үшін қолданылатын күшті жоғары дозаларымен ерекшеленетін дәрілік заттарын қатар орналастыруға, сондай-ақ оларды алфавиттік тәртіпте орналастыруға болмайды.

*Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

21. Ауруларды диагностикалау, алдын алу және емдеу мақсатында пайдаланылатын дәрілік заттарға теңестірілген медициналық техника және медициналық мақсаттағы бұйымдар мынадай топтарға бөлінеді:

- 1) резина бұйымдары;
- 2) пластмассадан жасалған бұйымдар;
- 3) таңу құралдары мен қосалқы материалдар;
- 4) медициналық мақсаттағы бұйымдар (көру линзалары және көзге салынатын және оны түзейтін линзалар, керек-жарақтар және материалдар, бұйымдар, құрал-саймандар, қондырғылар, аспаптар, аппаратура);
- 5) парфармацевтикер.

*Ескерту: 21-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

22. Сақтау процесінде кемінде айына бір рет ыдыс пен дәрілік заттардың сыртқы өзгерісін жаппай визуальді байқауды жүзеге асыру қажет. Ыдыс бүлінген ретте оның кемістіктерін дереу түзетіп немесе ондағы затты басқа ыдысқа салу қажет.

23. Сақтау үй-жайларында, сондай-ақ қойма аумағында кеміргіштерге, жәндіктер мен басқа да зиянкестерге қарсы күрес жөніндегі шараларды ұдайы жүргізіп отыру қажет.

#### **5. Дәрілік заттардың түрлі топтарын сақтауға қойылатын талаптар**

24. Физикалық және физикалық-химиялық қасиеттеріне оларға сыртқы ортаның түрлі әсеріне байланысты барлық дәрілік заттар мынадай:

- 1) жарықтың әсерінен қорғауды талап ететін;
- 2) ылғалдың әсерінен қорғауды талап ететін;
- 3) ұшып кетуден қорғауды талап ететін;
- 4) жоғары температура әсерінен қорғауды талап ететін;
- 5) төменгі температурадан қорғауды талап ететін;
- 6) қоршаған орта газдарының әсерінен қорғауды талап ететін;
- 7) иісті, бояйтын топтарға;
- 8) дезинфекциялайтын құралдарға;

9) улы заттарды (хлор әгі, хлорамин) бөлік шығаратын құралдарға және басқаларға бөлінеді.

#### **6. Жарықтың әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

25. Жарықтың әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарға мыналар жатады: антибиотиктер, галенді препараттар (өсімдік шикізатынан жасалған тұнбалар, экстракттар, концентраттар), дәрілік өсімдік шикізаты, орган препараттары, витаминдер мен витаминді препараттар, кортикостероидтар, эфир майлары, майлы майлар, ашылған препараттар йодты - және бромды сутегі қышқылдары тұздары, галогенді ауыстыратын қосындылар нитро- және нитроқосындылар, нитраттар, нитриттер, аминді- және амидоқосындылар, фенольді қосындылар, туынды фенотиазин (1 қосымша).

26. Жарықтың әсерін сезінгіш дәрілік заттарды жарықтан қорғау материалдары ыдыстарында (қызғылт шыны ыдыста, алюминийден жасалған немесе полимер материалдарынан жасалған қара, қоңыр немесе қызғылт түстерге боялған металды ыдыстарда) жарықтың өтуінен қорғалған есіктері тығыз қараңғы үй-жайда немесе шкафтарда сақтау қажет.

27. Жарықты аса сезінгіш дәрілік заттарды (күміс нитраты, күміс препараты, прозерин, физостигмин салицилаты және басқасы) сақтау үшін шыны ыдысқа жарық өткізбейтін қара қағаз жапсырып, іш жағы қара бояумен боялып нығыз жабылған шкафқа орналастырады.

Ескерту: Жарықтың әсеріне мұқтаж дәрілік заттарды (ашытылған темір препараттары, феррамидттер) сыйымдылығы шағын, ашық түсті шыны ыдысқа жарық жерде сақтайды. Тікелей күн сәулелерінің әсеріне жол беріледі.

## **7. Ылғалдан қорғауды талап ететін дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

28. Ылғалдан қорғауды талап ететін дәрілік заттарға мыналар жатады: гигроскопикалық заттар мен препараттар (калий ацетаты, құрғақ экстракттар, дәрілік өсімдік шикізаты, гидролиздейтін заттар, азот, азотты галогенді сутегі және фосфор қышқылдары тұздары, алкалоидтер, металорганикалық қосындылардағы натрий тұздары, гликозидтер, антибиотиктер, ферменттер, құрғақ органикалық препараттар), суда жеңіл еритін заттар ретінде нормативтік құжаттар бойынша сипатталатын дәрі-дәрмек заттары, сондай-ақ нормативтік құжаттарда белгіленген шектен аспайтын ылғал сақтайтын дәрі-дәрмек заттары (2 қосымша).

29. Судың атмосфералық буларының әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарды құрғақ, салқын жерде судың буларын өткізбейтін материалдармен тығыз тығындалған ыдыста (шыны, металл, алюминий фольгасы, қалыңдатылған пластмасса ыдыстарында) сақтау қажет.

30. Гигроскопикалық қасиеттері байқалған дәрілік заттарды (2 қосымшада көрсетілген\*) құрғақ үй-жайда герметикалық тығындалған, бетіне парафин құйылған шыны ыдыста сақтау керек. Осындай дәрілік заттар бар ыдысты жабу кезінде мойны мен тығынын мұқият сүрту қажет.

31. Осы топтағы дәрілік заттарды полимер пленкасынан жасалған орауда, ал ол бұзылған жағдайда шыны немесе металл ыдысқа салып сақтау қажет.

32. Осы топтағы дәрілік заттар арасында күйдірілген гипс және ұнтақтағы горчица сияқты препараттарды сақтауды ұйымдастыру ерекше көңіл бөлуді қажет етеді, олар ылғалды жұтқан кезде ұсақ аморфттық ұнтақтан ұсақ түйіршіктерге айналады, өздерінің сапасын жоғалтып, медициналық мақсатта қолдану үшін жарамсыз болып шығады. Бүлінуді болдырмау үшін:

1) күйдірілген гипсті жақсы жабылған ыдыста (тығыз шегеленген ағаш жәшіктерде немесе іші полиэтилен пленкаларымен жабылған бөшкелерде);

2) горчицаны (ұнтақты) герметикалық жабылған қалайы банкілерде;

3) горчичниктерді жылтыр қағазбен немесе полиэтилен пленкасымен оралған пачкілерде сақтау керек, оларды тығыз тығындалған ыдыстарға (ішіне полимер пленкалары жапсырылған картон қораптары) салып қояды.

## **8. Ұшпа заттардан тұратын дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

33. Ұшып кетуден қорғауды талап ететін дәрілік заттарға мыналар жатады:

1) өздігінен ұшып кететін заттар (3 қосымша);

2) ерітетін ұшпа заттардан тұратын дәрілік препараттар (спирт тұнбалары, сұйық спирт қосындылары, қою экстракттар);

3) ұшпа заттардың ерітінділері мен қоспалары (эфир майлары, аммиак,



формальдегид, хлорсутегі ерітінділері 13 проценттен астам, фенол, түрлі қоспадағы этил спирті және басқасы);

4) эфир майлары бар дәрілік өсімдік шикізаты;

5) кристалдандырылған суы - кристаллогидраттары бар дәрі-дәрмек препараттары (4 қосымша);

6) ұшпа өнімдер (йодоформ, сутегі пероксиді, Б хлорамині, натрий гидрокарбонаты) құрылуына байланысты ыдырайтын дәрі-дәрмек заттары;

7) ылғал сақтаудың төменгі шегі нормативтік құжатта белгіленген дәрі-дәрмек заттары (магний сульфаты, натрий сульфаты және тағысын тағылар).

34. Ұшпа заттардан тұратын дәрілік заттарды салқын жерде, ұшып кешетін материалдар заттары үшін өткізбейтін герметикалық тығындалған ыдыста (шыны, металл, алюминий фольгасы) сақтау қажет.

35. Ұшпа заттардан тұратын дәрілік заттарды орау, тығындау нормативтік құжаттар талаптарына сәйкес келетін ыдыста жүзеге асырылады.

#### **9. Кристаллогидраттарды сақтау ерекшеліктері**

36. Кристаллогидраттардың дәрілік субстанциялары және дәрілік заттың балк-өнімі ауаның салыстырмалы ылғалдылығына байланысты заттардың гигроскопикалық қасиеттері сияқты желмен ұшатын қасиеттерімен де байқалуы мүмкін. Сондықтан оларды салқын жерде ауаның 50-65 процент салыстырмалы ылғалдылығы жағдайында герметикалық тығындалған шыны, металл немесе қалың қабырғалы пластмасса ыдыстарында сақтау керек (4 қосымша).

*Ескерту: 36-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

#### **10. Жоғары температура әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

37. Жоғары температура әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттар қатарына мыналар жатады (5 қосымша):

1) ұшып кетуден қорғауды талап ететін дәрілік заттар тобы (осы Ереженің 8-ші тарауы);

2) жеңіл балқитын заттар (суппозиторийлер);

3) бактериялық препараттар (вакциналар, егетін препараттар, анатокситтер және басқасы);

4) антибиотиктер;

5) органикалық препараттар;

6) гормональды препараттар;

7) витаминді препараттар;

8) гликозидтерден тұратын препараттар,

- 9) медициналық майлар мен майлар;  
10) майлы негіздегі майлар.

38. Жоғары температурадан қорғауды талап ететін дәрілік заттарды бөлме температурасында (+25 ° C), салқын (+8 - +18 ° C) сақтау қажет. Кейбір жағдайларда сақтаудың неғұрлым төмен температурасы (0' +10'C) талап етіледі, бұл этикеткада немесе препаратты қолдану жөніндегі Ережеде көрсетілген (6 қ о с ы м ш а ) .

*Ескерту: 38-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

39. Бактериялық препараттарды тұтынушылық орауда атаулары, сериялары бойынша олардың жарамдылық мерзімдерін ескере отырып орауда немесе қолдану жөніндегі Ережеде көрсетілген температурада бөлек сақтау керек. Сақтау процесінде оларды 3 айда кемінде бір рет визуальдық байқаудан өткізіп о т ы р у қ а ж е т .

*Ескерту: 39-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

40. Антибиотиктерді егер этикеткаларда немесе қолдану жөніндегі Ережеде басқаша көрсетілмесе, тұтынушылық орауда сақтау қажет.

*Ескерту: 40-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

41. Органикалық препараттарды егер этикеткаларда немесе қолдану жөніндегі Ережеде басқаша көрсетілмесе, жарықтан қорғалған, салқын және құрғақ жерде 0+15' температурада сақтау керек.

## **11. Төмен температура әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

42. Төмен температура әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттар қатарына қатқаннан кейін физикалық-химиялық жай-күйі өзгертін және одан кейінгі жерде бөлме температурасына дейін жылыған кезде қалпына келмейтін дәрілік-заттар жатады (7 қосымша).

43. 40 процент формальдегид (формалин) ерітіндісін +9'C-ден төмен емес температурада сақтау керек. Тұнба пайда болған ретте ерітіндіні бөлме температурасында ұстайды, бұдан кейін ерітіндіні еппен құйып алып іс жүзіндегі формальдегидке сәйкес пайдаланады.

44. Мұзды сірке суы қышқылды +9'C-ден төмен емес температурада сақтау керек. Тұнба пайда болған жағдайда қышқылды бөлме температурасында тұнба

ерігенге дейін ұстайды. Егер тұнба ерімеген жағдайда қышқылдың сұйық бөлігін құйып алып, препараттағы іс жүзіндегі сірке суы қышқылына сәйкес пайдаланады.

45. Медициналық майлы майларды +10С-дан төмен емес температурада сақтау талап етіледі. Тұнба пайда болған жағдайда оларды бөлме температурасында ұстайды, олардың нормативтік құжаттаманың барлық талаптарына сәйкес келуін реттеп тексереді.

## **12. Қоршаған ортадағы газдар әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік заттарды сақтаудың ерекшеліктері**

46. Қоршаған ортадағы газдар әсерінен өзгертін дәрілік заттар топтарына  
м ы н а л а р ж а т а д ы :

1) ауа ксислородына әсерленгіш заттар:

шектеусіз сутегі аралық байланыстары бар алифаттық қатардағы, шектеусіз сутегі аралық байланыстары бар жанама алифаттық топтардағы циклдық заттар, фенольдық, полифенольдық, морфин және оның ауыстырылмаған гидроксильді топтары бар туынды заттар, құрамында шайыры бар гетерогенді және гетероциклдық қосындылар, ферменттер мен органикалық препараттар;

2) ауаның көмірқышқыл газымен әсерленгіш заттар:

сілтілік металдар тұздары мен әлсіз органикалық қышқылдар (мысалы, барбитал-натрий, гексенал және басқасы), құрамында көп атомдық аминдері бар препараттар (мысалы, эуфиллин), магний оксиді мен магний пероксиді, натрий гидроксиді, калий гидроксиді және басқалар (8 қосымша).

47. Газдардың әсерінен қорғауды талап ететін дәрілік субстанциялардың және дәрілік заттардың балк-өнімдерінің газ өтпейтін материалдар мен герметикалық тығындалған, мүмкіндігінше лық толтырылған ыдыста сақтау керек.

*Ескерту: 47-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

48. Ауа ксислородымен жеңіл қышқылданатын дәрілік субстанциялардың және дәрілік заттардың балк-өнімдерінің құрғақ үй-жайда герметикалық тығындалған, парафин құйылған шыны ыдыста сақтау керек.

*Ескерту: 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

49. Барбитуралы қышқылдардың натрий тұздарын сақтауға жағдай жасауға, дәрілік субстанцияларды және дәрілік заттардың балк-өнімдерін ерекше назар аудару қажет, оларды герметикалық тығындалған, парафин құйылған судың атмосфералық булары мен көмір қышқылы газын өткізбейтін материалдары бар  
ы д ы с т а с а қ т а у к е р е к .

*Ескерту: 48-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

### **13. Иісі бар және бояйтын дәрілік заттарды сақтау ерекшеліктері**

50. Иісі бар дәрілік заттар тобын ұшатын препараттар сияқты іс жүзінде ұшпайтын, күшті иісі бар заттар мен препараттар құрайды (9 қосымша).

51. Иісі бар дәрілік заттардың дәрілік субстанциялары мен олардан дәріханаларда дайындалған дәрілік нысандарды герметикалық жабылған, иіс өткізбейтін ыдыста атаулары бойынша бөлек сақтау керек.

*Ескерту: 51-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

52. Бояйтын дәрілік заттар тобына әдеттегі санитарлық-гигиеналық өңдеу мен жуылмайтын ыдыста, тығын құралдарында, жабдықтар мен басқа да заттарда боялған із қалдыратын заттар, олардың ерітінділері, қоспалары, препараттары және тағы басқасы жатады (10 қосымша).

53. Бояйтын заттардың дәрілік субстанцияларын тығыз тығындалған ыдыста арнайы шкафта атаулары бойынша бөлек сақтау қажет. Әрбір атауға арналған бояйтын заттармен жұмыс істеу үшін арнайы весочкалар, ступкалар, басқа да керек-жарақтар бөлінуі керек. Бояйтын заттардың дәрілік субстанцияларынан дәріханаларда дайындалған дәрілік нысандар тығыз тығындалған ыдыста бөлек с ө р е д е с а қ т а л у ы т и і с .

*Ескерту: 53-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

### **14. Дайын дәрілік заттар мен дайындалған дәрілік нысандарды дәріханаларда сақтау ерекшеліктері**

*Ескерту: 14-тараудың атауы жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

54. Таблеткаларды, көпіршік таблеткалар мен ашытқыны сақтау құрғақ, егер бұл қажет болса, жарықтан қорғалған жерде жүзеге асырылады.

55. Эфир майларынан тұратын таблеткіленген дәрілік заттарды ыдысқа тығындамас бұрын оларды ГОСТ 9569 бойынша БП-1-25 немесе БП-5-28 таңбалы парафиндендірілген қағазға орау керек.

56. Инъекцияға арналған дәрілік нысандарды, егер орамда немесе Тұтынушыларға арналған дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықта (қосымша құжат) нұсқаулар көрсетілмеген болса, салқын, жарықтан қорғалған

жерде ыдыстың ерекшеліктерін (сынғыштығын) ескере отырып, сақтау үй-жайларында бөлек стеллажда, материалдық шкафтарда бөлек сөреде сақтау к е р е к .

*Ескерту: 56-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

57. Сұйық дәрі-дәрмек нысандары (шырындар, тұнбалар, эфир, хлороформ оның ішінде, дәріханада дайындалған) герметикалық тығындалған ыдысқа салқын, жарықтан қорғалған жерде сақталады.

*Ескерту: 57-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

58. Плазма ауыстырғыш және дезинфекциялайтын ерітінділер 0-ден 4+О'С-ға дейінгі температурада жарықтан қорғалған оқшау жерде сақталады. Кейбір жағдайларда егер бұл препараттың сапасына әсер етпесе, ерітіндінің қатуына жол беріледі.

59. Экстракттар парафин құйылған, жақсы тығындалған шыны ыдыста с а қ т а л а д ы .

*Ескерту: 59-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

60. Майларды, линименттерді салқын, жарықтан қорғалған жерде нығыз тығындалған ыдыста сақтайды. Қажет болған жағдайда сақтау шарттарын қасиеттеріне, енетін ингредиенттеріне байланысты біріктіріп отырады. Мысалы, ұшатын және термолабильді заттардан тұратын препараттарды +10С-дан аспайтын температурада сақтайды.

61. Суппозиторийлерді сақтау құрғақ, салқын, жарықтан қорғалған жерде жүзеге асырылуы тиіс.

62. Аэрозольді ораулардағы препараттарды сақтау құрғақ, жарықтан қорғалған, оттан және жылыту аспаптарынан алшақ жерде жүзеге асырылуы қажет. Аэрозольді орауларды соққылар мен механикалық бүлінуден қорғау керек .

*Ескерту: 62-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

62-1. Барлық дайын дәрілік заттар түпнұсқа орамға салынуы және сыртында заттаңбамен (таңбаламамен) белгіленуі тиіс.

*Ескерту: 62-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

#### **15. Дәрілік өсімдік шикізатын сақтау ерекшеліктері**

63. Дәрілік өсімдік шикізатын құрғақ, ауасы таза үй-жайда жақсы жабылған ы д ы с т а :

дәріханаларда - шыны, металл ыдыстарда, қақпағы бар жәшіктерде; қоймаларда - түктерде немесе жабылған жәшіктерде, стеллаждарда сақтау қ а ж е т .

Кесілген шикізат талшықты қаптарда, ұнтақтар - қосақталған қаптарда (ішкісі - қағаз, көп қабатты, сыртқысы - талшықты қаптарда) сақтайды.

64. Эфир майларынан тұратын дәрілік өсімдік шикізатын жақсы тығындалған ыдыста оқшау сақтайды. Андыз түбірлерін, кориандр мен арша жемістерін, арник пен жөке гүлдерін хлороформмен қабаттастырып, осы топтағы қалған шикізатты хлороформсыз сақтайды, өйткені ол эфир майларының ұшып кетуіне әсерін тигізеді.

65. Гигроскопикалық қасиеттері бар шөптерді, жапырақтарды, жемістер мен түбірлерді герметикалық тығындалған және қажет болған жағдайда парафин құйылған (жалбыз жапырақтары, бүйрек шайы, тікенек түбірі) шыны немесе металл ыдыста сақтайды.

66. Кептірілген жемістерді сақтау кезінде оларды қойма кеміргіштерінен сақтау үшін жемістері бар жәшікті хлороформды сауыттармен араластырады, хлороформ буларының ұшып кетуі үшін олардың тығындарына түтікшелер енгізіледі. Хлороформды олардың ұшып кетуіне қарай қосады.

67. Өсімдік қосындыларын дәрілік заттарды сақтаудың жалпы ережелерін қолдана отырып сақтайды.

68. Дәрілік өсімдік шикізатын нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес дүркін-дүркін бақылап отыру қажет. Қалыпты бояуын, иісін жоғалтқан және ықпал жасайтын заттарды талап ететін, сондай-ақ көгерген шөптерді, түбірлерді, түбіршектерді, ұрықтарды, тұқымдарды жарамсыз деп есептейді. Қойма кеміргіштері болған жағдайда көгеру дәрежесіне байланысты шикізатты жарамсыздандырады немесе қайта өңдеу мен бақылаудан кейін кәдеге жаратады.

69. Сақтау кезінде жүрек гликозидтары бар дәрілік өсімдік шикізатына айрықша назар аударылады. Бұлар үшін неғұрлым қатаң сақтау мерзімдері тағайындалады және биологиялық белсенділігін міндетті түрде қайта бақылау мақсаты көзделеді.

70. Улы және күшті әсер ететін дәрілік өсімдік шикізатын құлып салып жеке үй-жайда немесе бөлек шкафта сақтайды (11 қосымша).

70-1. Бөлшектеп жиналған дәрілік өсімдік шикізаты дәрілік өсімдік шикізатын сақтау ерекшеліктері мен орамда және Тұтынушыларға арналған дәрілік затты қолдану жөніндегі нұсқаулықта (қосымша құжат) көрсетілген сақтау шарттары сақтала отырып, сақтайды.

*Ескерту: 70-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

#### **16. Дезинфекциялайтын құралдар**

71. Дезинфекциялайтын құралдарды герметикалық тығындалған ыдыста, жарықтан қорғалған, құрғақ, салқын жерде, оқшау үй-жайда, дәрілік заттар сақталған үй-жайлардан пластмасса, резина және металл бұйымдарынан, дәріхананың өндірістік үй-жайларынан алшақ сақтайды.

#### **17. Резеңке бұйымдары**

72. Резеңке бұйымдардың сапасын сақтау үшін мыналарды:

1) Жарықтан, әсіресе тіке күн сәулелерінен ауаның жоғары (+20' С-дан астам) және төменгі (Р-ден төмен) температурада; ауа ағынынан (өтпе желден, механикалық вентиляциядан); механикалық бүлінуден - жаншылудан, иілуден, оралудан, созылудан және тағы басқадан қорғауды;

2) кебуден, өзгеруден және түрін өзгертуден сақтау үшін кемінде 65 процент салыстырмалы ылғалдылықты;

3) мынадай заттардың: йодтың, хлороформның, хлорлы аммонийдің, лизолдың, формалиннің, қышқылдардың, органикалық ерітінділердің, майлайтын майлардың, сілтілердің, дезинфекциялайтын құралдардың, нафталиннің әсерінен оқшаулауды;

4) жылыту аспаптарынан алшақ (кемінде 1 метр) сақтау шарттарын қамтамасыз ету керек.

73. Резеңке бұйымдарын сақтау үй-жайлары күнгей бетте емес қараңғы немесе қараңғыланған жартылай жертөлелі үй-жайларда орналастырылуы қажет. Құрғақ үй-жайларда жоғары ылғалдылықты (60-65 процент) ұстау үшін 2 процент карболл қышқылы су ерітіндісі бар сауыттар қою және еденді дүркін-дүркін сумен дымқылдандырып отыру ұсынылады.

74. Сақтайтын үй-жайларда, шкафтарда резеңкенің түрін сақтауға жәрдемдесетін аммоний көмір қышқылы бар шыны сауыттар қою ұсынылады.

*Ескерту: 74-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

75. Сақтайтын үй-жайларда резеңке бұйымдарын орналастырған жағдайда оның бүкіл көлемін толық пайдалану қажет. Бұл басы артық ауа кислородының зиянды әсерінен сақтайды. Алайда резеңке бұйымдарын (тығындардан басқа)

бірнеше қабатпен салуға болмайды, өйткені төменгі қабаттардағы заттар жаншылады және жайылып кетеді.

Сақтау үй-жайларында зауыт орамындағы резеңке бұйымдарды сақтауға болады. Зауыт орамы бұзылған кезде резеңке бұйымдар арнайы жабдықталған материал шкафтарда, жәшіктерде, сөрелерде, стеллаждарда сақталады.

*Ескерту: 75-тармаққа өзгертулер енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

76. Резеңке бұйымдарын сақтауға үй-жайлар, шкафтармен, жәшіктермен, сөрелермен, стеллаждармен, блоктармен, еркін қол жеткізілетін ілу тұғырықтарымен және басқа мүкәмәлмен жабдықталуы қажет. Резеңке бұйымдарын сақтауға арналған шкафтардың тығыз жабылатын есіктері болуы қажет ал ішкі жақ беті өте жұмсақ болуға тиіс. Шкафтардың ішкі құрылымы оларда сақталатын резеңке бұйымдарының түрлеріне байланысты мына мақсаттарға:

1) резеңке бұйымдарын жатпалы қалыпта (буждар, катетерлер, мұз түйіршіктері, қолғаптар және сол сияқтылар) сақтауға арналған шкафтар оларда заттарды бүкіл ұзына бойы, еркін, иілмейтіндей, оралмайтындай және тағы солай орналастыруға болатын жылжымалы жәшіктермен жабдықталады;

2) бұйымдарды ілінген қалыпта (бұраулар, зонттар, су түтіктері) сақтайтын жәшіктер шкаф қақпағының астында орналасқан ілгіштермен жабдықалады. Ілгіштер оған ілінген заттармен бірге алынатындай болуы керек.

*Ескерту: 76-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Денсаулық министрлігі Фармация комитеті төрайымының 2005 жылғы 23 маусымдағы N 89 бұйрығымен (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-тармақтан қараңыз).*

77. Сақтаудың ерекше шарттарын талап ететін резеңке бұйымдарының кейбір түрлерін сақтауға ерекше көңіл бөлу керек. Бұл талаптар:

1) төсегіштерді, жылытқыш грелкаларды, мұзды қабықтарды сәл үрлеп сақтау ұсынылады, резеңке түтікшелері соңғы жағына енгізілген тығындармен бірге сақталады;

2) аспаптардың алынатын резина бөліктері басқа материалдан жасалған бөліктерден бөлек сақталуы қажет;

3) атмосфералық факторларды ерекше сезінгіш бұйымдарды (созылғыш катетерлер, буждар, қолғаптар, саусаққа кигіштер, резеңке бинттер) тығыз жабылған қораптарда сақтайды. Резеңке бинттері бүкіл ұзындығы бойынша тальк себілген шиыршықталған күйде сақталады;

4) резеңкелендірілген матаны (бір жақты және екі жақты) 69-шы тармақта көрсетілген заттардан оқшау, арнаулы тұғырларға ілінген рулондарда көлбеу күйде сақтайды. Резеңкелендірілген матаны стеллаждардың жұмсақ сөрелерінде



5 қатардан асырмай жатқызылған күйде сақтауға болады;

5) созылғыш лак бұйымдарын (катетерлерді, буждарды, зонттарды) резеңкеге карағанда құрғақ үй-жайда сақтайды. Ескіру белгісі бірсыпыра жұмсаруы, үстіңгі желімінің ашылуы болып табылады. Мұндай бұйымдар жарамсыз деп танылады.

78. Резеңке тығындары оларға қолданылатын техникалық шарттар талаптарына сәйкес оралған күйде сақталуы қажет.

79. Резеңке бұйымдарын дүркін-дүркін қарап тұру қажет. Оралымдылығын жоғалта бастаған заттар техникалық шарттар талаптарына сәйкес дер кезінде қалпына келтірілуі тиіс.

80. Резеңке қолғаптарды, егер олар қатая бастаса, жабысып қалса және шетін күйге түссе, 5 процент жылы аммиак ерітіндісіне жазбай салып қояды, бұдан кейін қолғаптарды өкіл, 5 процент глицерин ерітіндісі бар жылы (+40 +50'C) суға батырып қояды. Қолғаптар қайтадан бұрынғы қалпына түседі.

### **18. Пластмасса бұйымдары**

81. Пластмассадан жасалған бұйымдарды ауасы тазаланып қараңғы, салқын үй-жайда бөлме температурасында, жылыту жүйелерінен кемінде бір метр алшақтықта сақтау қажет. Үй-жайда ашық жанатын от, ұшпа заттардың булары болмауы қажет. Электр аспаптары мен ажыратқыштар ұшқынға қарсы (өртке қарсы) түрде дайындалуы қажет. Целлофан, целлулоид, амин қабатты бұйымдарды және басқа бұйымдар сақталатын үй-жайда ауаның 65 проценттен аспайтын салыстырмалы ылғалдылығын сақтау керек.

### **19. Таңу құралдары мен қосалқы материал**

82. Таңу құралдарын құрғақ желдетілетін үй-жайда іші ашық бояумен боялған шкафтарда, жәшіктерде, стеллаждарда және тұғырықтарда сақтайды, олар таза ұсталуы қажет. Таңу құралдары қойылған шкафтарды дүркін-дүркін 0,2 процент хлорамин ерітіндісімен немесе хлорлы әкпен сүртіп отырады.

83. Стерильденген таңу материалдары (бинттер, дәке салфеткалары, мақта) зауыттық орауда сақталады. Оларды бірінші ашылымдағы орауда сақтауға болмайды.

84. Стерильденбеген таңу материалдары (мақта, дәке) тығыз қағазға немесе түктерге (қаптарға) салып, стеллаждарда немесе тұғырықтарда сақтайды.

85. Қосалқы материалды (фильтрлейтін қағазды, қағаз капсулдарын және басқасын) өнеркәсіптік орауда құрғақ желдетілетін үй-жайларда, жеке шкафтарда гигиеналық қатаң тәртіпте сақтау қажет. Өнеркәсіптік орау ашылғаннан кейін (қағаз капсулдары және басқасы) бөлшектелген немесе қалған материалдарды полиэтилен, қағаз пакеттерде немесе крафт-қағаз қаптарда сақтау ұсынылады.

### **20. Медициналық бұйымдар**

86. Хирургиялық аспаптар мен басқа да металл бұйымдарын жылытылатын құрғақ үй-жайларда бөлме температурасында сақтау керек. Сақтау үй-жайларындағы температура мен ауаның салыстырмалы ылғалдылығы күрт ауытқымауы қажет. Салыстырмалы ауа ылғалдылығы 60 процентпен аспауға тиіс. Ылғалдылығы жоғары климат аймақтарында сақтау үй-жайындағы салыстырмалы ауа ылғалдылығы 70 проценттен аспауы керек. Бұл жағдайда медицина бұйымдарының сапасын бақылау айына кемінде бір рет жүргізілуі қажет.

87. Коррозияға қарсы майлаусыз алынған хирургия құралдары мен басқа да металл бұйымдарын нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес вазелиннің жұқа қабатымен майлап қояды. Майланған құралдар жұқа парафин қағазына оралып сақталады.

88. Хирургиялық құралдарда оларды қарау, сүрту, майлау және тазалау кезінде коррозияның пайда болуына жол бермеу үшін оларды қорғалмаған және дымқыл қолмен ұстауға болмайды. Барлық жұмысшы құралды дәке салфеткасымен, пинцетпен ұстап жүргізу қажет.

89. Кесетін құралдарды (скальпельдер, пышақтар) тотығу мен өтпей қалуды болдырмау үшін жәшіктердің немесе пеналдардың арнаулы ұяларына салған күйде сақтайды.

90. Хирургиялық құралдар атаулары бойынша жәшіктерде, шкафтарда, қақпақтары бар қораптарда оларда сақталған құралдардың атаулары көрсетіліп сақталуы керек.

91. Әсіресе ораусыз сақталатын құралдар механикалық бүлінулерден қорғалуы керек, ал өткір кесетін детальдар қағазға оралып іргелес заттардың жанасуынан қорғалуға тиіс.

92. Хирургия құралдары мен басқа да металл бұйымдарын суық жерден жылы жерге ауыстырғанда оларды сақтау үшін өңдеуді (сүрту, майлау) және орналастыруды құралдардың "тершігені" аяқталғаннан кейін жүргізу қажет.

93. Металл бұйымдарын (шойыннан, темірден, қалайыдан, мыстан, жезден және басқасынан жасалған) сақтау құрғақ және жылытылатын үй-жайларда жүргізілуі қажет. Бұл жағдайда мыс (жез), нейзильберлі және қалайы заттарын майламаса да болады.

94. Боялған темір бұйымдарында тот басу пайда болған жағдайда олар алынып тасталады және бұйымға бояу қайта жағылады.

95. Күміс және нейзильберлі құралдардың үстіңгі жағы қарайған жағдайда резеңкемен, күкіртпен және күкірті бар қоспалармен бірге сақтауға болмайды.

96. Хирургиялық аспаптарды жаппай, сондай-ақ дәрі-дәрмектермен және резеңке бұйымдармен бірге сақтауға үзілді-кесілді тыйым салынады.

## **21. Медициналық сүліктер**

97. Медициналық сүліктерді сақтауға арналған үй-жайлар жарық болуы қажет және оларда дәрі-дәрмек иісі болмауы керек. Температураның күрт ауытқуына жол бермеуге тиіс, өйткені бұдан сүліктер өліп қалады.

98. Сүліктерді дәріханаларда 50-100 сүлікке арналған 3 литр суға есептелген мойны кең шыны сауыттарда ұстау қажет. Сүліктердің таралуына жол бермеу үшін сауытты тығыз бөз салфеткамен немесе қос қабатты дәкемен жабады және жіппен немесе резеңкемен буып тастайды.

99. Сүліктерді сақтауға арналған су таза болуы қажет, онда хлор, пероксид қосындылары, ауыр металдар тұздары, механикалық ластану болмауы қажет, бөлме температурасы сақталуға тиіс. Сауыттағы суды күн сайын ауыстырып отыру қажет, бұл үшін оны күн ілгері қолданудан екі тәулік бұрын дайындап қойған жөн. Суды ауыстырған жағдайда сауыт қабырғаларын іш жағынан шаяды, бұдан кейін ыдыстың мойнын дәкемен жабады және суды сол арқылы құйып алады. Сауытқа 1/3 банкі таза су құяды. Сүліктерді ұстаған кезде барынша тазалық сақтау талап етіледі, оларды иісі бар және улы заттармен қатар қоюға болмайды. Сүліктер ауырған жағдайда (енжарлық) суды күніне екі рет ауыстырады.

## **22. Дәрілік заттар мен медициналық мақсаттағы бұйымдарды сақтаудан кейін пайдалануға дайындаудың жалпы ережелері**

100. Барлық "ангро өнімі" дәрі-дәрмек заттары олармен жұмыс істеудің алдында араластырылуға тиіс. Жоғары және қабырға қабаттарындағы дәрі-дәрмек заттарының қабаттарын оның басқа бөліктерімен араластыруға ерекше көңіл бөлінуі қажет.

101. Атмосфералық ылғалдың сорбциясынан немесе сорбциясыздығынан немесе ингредиенттердің (гидролиз, қышқылдану, фотодиструкция және тағысын тағылар) химиялық ыдырауынсыз ерітіндінің ұшып кетуінен пайда болған әрекетшіл заттар құрамының өзгеруіне байланысты, оларды жартылай фабрикаттарға немесе дайын дәрілік заттарға қайта өңдеу кезінде дәрілік заттардағы әрекетшіл заттардың нақты құрамына қайта есептеуге жол беріледі.

102. Металл бұйымдарын ораудан босатып, майлаудан тазалау керек.

103. Полимер (резеңке және пластмасса) бұйымдарын қолданылып жүрген әдістемелік Ережелерге сәйкес санитарлық-гигиеналық қайта өңдеп отыру керек.

## **23. Дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарға арналған ыдысқа қойылатын талаптар**

104. Дәрілік заттарды нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес келетін (тұтыну, топтық, көліктік) ыдыста сақтап, тасымалдау қажет.

105. Тұтыну ыдыстары мен оны тығындау құралдарының барлық түрлері нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес дәрілік заттардың қасиеттеріне,

мақсаты мен мөлшеріне байланысты таңдалуы қажет. Тығындау материалының дәрілік заттарға сәйкес келуіне ерекше назар аударылады.

106. Тығындау материалы бірізділігі, тазалығы мен басқа да сапалары бойынша нормативтік құжаттама талаптарына сәйкес келетін сынақтан өткізілуі қажет.

107. Өнеркәсіп өнімін бөлшектеп өлшеу кезінде полимер пленкаларына немесе қағазға алғашқы оралған орауларды алдын-ала топтары жинау қажет, бұлар ылғал ауысудан, бу ауысудан немесе атмосферадағы газ ауысуынан қорғалған екінші орауларға (полимер пленкаларынан жасалған пакеттер, іші полимермен жабылған картон қораптары және басқасы) оралады.

108. Ұшпа, желге шалдыққыш, гигроскопикалық заттардан тұратын дәрілік заттар тығындармен немесе нығыздалған элементтері бар жапқышты комплектіде бұралатын қақпақшаларымен тығындалған банкілерге немесе сауыттарға оралады. Бұдан кейін олар бір атаудан асырылмай көлік ыдысына (жәшік, қорап, барабан және басқасы) салынады.

109. Таблеткаларды, ашытқыны немесе капсулдарды амортизаторы бар тығындары жоқ ыдыстарға тығындаған кезде тығыздаушы амортизаторлар салынуы қажет.

110. Дербес ораусыз таблеткалар, ашытқылар, ұнтақтар кейіннен қаңылтыр, пластмасса банкілеріне немесе картон қораптарына салынатындай полиэтилен пакеттеріне оралуы қажет.

111. Медициналық сүліктерге арналған ыдыс оларға зиян келтірмеуі тиіс және ауаның қаптал жетуін қамтамасыз етуі керек.

112. Дәрілік заттар салынған тұтыну ыдысы топтық ыдысқа (картон қораптары немесе жиынтықтары, кейіннен орайтын қағазға оралады) буып түйіледі.

113. Көліктік ыдыс буып-түйілген дәрілік заттарды атмосфера қалдықтарының, шаңның әсерінен, күн сәулелерінен, механикалық бүлінулерден сақтауы қажет.

114. Ыдысты, буып-түю және тығындау материалын таңдаған кезде "Дәрілік заттар. Буып-түю, таңбалау, тасымалдау және сақтау" Мемстандарт ГОСТ 17768-90-Е нормативтік құжатын басшылыққа алу керек.

Денсаулық сақтау ұйымдарында  
дәрілік заттардың түрлі  
топтары мен медициналық мақсаттағы  
бұйымдарды сақтау туралы Ережеге

1 Қосымша

**Жарықтан қорғалатын жерде сақтауға жататын  
дәрілік заттар**

**Тізбесі**

№	Дәрілік заттардың атауы	Сақтаудың қосымша шарттары
1	2	3
1 .		А б а к т а л
2 .	Адреналин гидрохлориды	салқын жер
3 .		А л л а п и н и н
4 .		А к т о в е г и н
5 .	Альдомет	(Метилдофа)
6 .		А м и н а з и н
7 .	Ампициллин	таблеткалары
8 .	Аминокапронды	қышқыл
9 .	Анальгин	(Метамизол)
1 0 .		А н г и с е п т
1 1 .		А н е с т е з и н
1 2 .		А н т и п и р и н
1 3 .		А п р е с с и н
1 4 .	Арпенал	(Метацин)
1 5 .	Атенолол	(Бетакард)
1 6 .		А ц е к л и д и н
1 7 .		А ц е м и н
1 8 .		А э р о в и т
1 9 .		Б е к а р б о н
2 0 .		Б е н з о г е к с о н и й
2 1 .		Б е н з о н а л
2 2 .		Б е п а с к
2 3 .		Б е р о д у а л
2 4 .		Б и л и г н о с т
25 .	Бильтрицид	(Цесол, Цистидид)
26 .	Бромгексин	(Бисольвон, Сольвин)
27 .	Бромизовал	(Бромурал)
2 8 .		Б р о м к а м ф о р а
2 9 .		Б р о м э р г о н
30 .	Бронхо-Мунал	капсулдары
3 1 .		Б у к а р б а н

- 32 . Б у т а д и о н
33. Валидол + 20оС-ден жоғары емес
34. Вентер (Сукралфат)
